

Аңдатпа. Жасалған эксперименттердің нәтижелерінің аздығына қарамастан микрофакельді жануға қатысты көптеген ғалымдардың тәжірибелеріне сүйене келіп бұл әдістің мынандай жақсы нәтижелерін ұсынуға болады: газ қысымы төмен болуы, жалпы құрылымның көлемі азаюы, жану камерасы шығысындағы температуралық аумақтың тұрақтануы, азот оксидтерінің шығыны аз болуы, радиациялық шығының төмендеуі.

20 ғ.-дан белгілі болған микрофакельді жану әдісі тек жақында ғана назар аудартуда. Қазіргі уақытта бірнеше бағыттары бар, бірақ оларға ортақ бір нәрсе – ол жану көлеміне және фронтқа оттың таралуы. Сондықтан жану камераларына микрофакельді жану құрылғылардың жасалуы аса маңызды болып табылады.